

	«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»	
	Терапевтік бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ	Хаттама
		Редакция: 1 1 бет

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ - ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Селектор 19.12.2024ж. № 14 хаттама

ЖБТ төрағасы: Бачева Ирина Викторовна

ЖБТ төрағасының орынбасары: Григолашвили Марина Арчиловна

ЖБТ хатшысы: Ли Валентина Витальевна

46 адам **қатысты** (ББК мүшелері, ЖОО мен ҒЗИ өкілдері)

КҮН ТӘРТІБІ:

Интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау («Медицина» ББ) - бірінші сұрақ бойынша 21.11.2024ж. №3 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы сұрақты қарау

ТЫҢДАЛДЫ

Терапевтік бейіндегі ЖБТ төрағасы И.В. Бачева Астана Медицина Университеті КЕАҚ «Медицина» ББ бойынша интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалауға арналған практикалық станциялар (ОҚКЕ/ОҚПЕ) тізбесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы сұрақты қарауды өтініп, сауал жолдады. Негіздеме-тереңірек клиникалық құрамдас бөлікті талап ететін ұсынылған дағдылар мен манипуляциялардың күрделілігі; әртүрлі ЖОО ББ салыстыруға келмеуі, ұсынылған дағдылар базалық емес, неғұрлым көп дәрежеде клиникалық бағытқа ие. Жүрек-өкпе реанимациясы, ЭКГ интерпретациясы, рентгенография, спирография, зертханалық зерттеулер, неврологиялық жағдайды бағалау сияқты дағдыларды алып тастау ұсынылады.

«Медицина» ББ 3 курсына арналған бекітілген практикалық дағдылар тізбесі:

1. Алғашқы медициналық көмек көрсету (жүрек-өкпе реанимациясы).
2. Пациентті физикалық тексеру: жүректі пальпациялау және аускультациялау, өкпені пальпациялау және аускультациялау, артериялық қысымды, артериялық пульсті өлшеу алгоритмін орындау, неврологиялық статусты бағалау - бас сүйек-ми нервтері, рефлексдер.
3. Аспаптық зерттеулердің негіздері (қалыпты ЭКГ сипаттамасы, рентгенография, спирография).
4. Зертханалық зерттеулердің негіздері (қанның физиологиялық және патологиялық жасушалары арасындағы айырмашылықтарды анықтау, негізгі тіндерді гистологиялық үлгілер бойынша тану, қанның жалпы және биохимиялық талдауларын түсіндіру).
5. Процедуралық дағдылар: дәрілік заттарды парентеральді енгізу (дәрілік затты сәйкестендіру, тобы, дозасы, сұйылту, енгізу ережесі, көрсеткіштері, қарсы көрсетілімдері, ықтимал жанама әсерлері).

Сондай-ақ 1.6-тармақта 21.11.2024ж, ОӘБ шешімі «Бір станция - бір дағды» деп жазылған.

«Медицина» ББ 3 курске арналған бекітілген дағдылар кеңейтілген тақырыпқа ие және бұрын тақырып көлемі туралы сұрақ көтерілмегендіктен, өз құрамында бірнеше практикалық дағдыларды қамтиды. Бұл ОӘБ шешіміне сәйкес келмейді. Осылайша, Астана медицина университеті КЕАҚ сұрауының және 1.6 тармақтағы ОӘБ шешімінің болуын ескере отырып, базалық пәндер бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалаудың 2 кезеңін өткізу үшін бекітілген пәндер шеңберінде практикалық дағдылар тізбесін түзету туралы шешім қабылданды.

ШЕШІЛДІ:

Интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының («Медицина» ББ) базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалауға арналған 3 курс үшін практикалық дағдылардың жаңартылған тізбесін бекітуге ұсыну.

1. Пациентті физикалық тексеру: өкпенің салыстырмалы перкуссиясы.
2. Пациентті физикалық тексеру: қалыпта жүректі аускультациялау.
3. Зертханалық зерттеулердің негіздері: қалыпты және патологиядағы жалпы қан анализін талдау және түсіндіру.
4. Артериялық қысымды өлшеу алгоритмін орындау.
5. Процедуралық дағдылар: дәрілік заттарды парентеральді енгізу.

ЖБТ төрағасы: Бачева Ирина Викторовна

